

YRKЕР

Әдебиет / Мәдениет / Фылым / Өнер

Қайтпай сұлтанды қазақ неге танымайды?



Бейбарыс Құтыз сұлтанды тағынан тайдырып, түгел билікті өз қолына ұстады. Мәмлүктер негізінен, әскери адамдар болғаны белгілі. Ал ол заманда мұсылман шариғатында әскери нормалар жоқтың қасы болатын. Сондықтан да, мәмлүктер Шыңғыс ханның Ұлы Ясасын шариғатпен қатар ұстанды, өзара қатынасы сол заңмен реттелді. Бейбарыс сұлтан әскерді көшпелілердің осы тәртібі бойынша құрып, кейіннен 1382 жылдан бастап османдықтар жаулап алғанға дейінгі 1517 жылға дейін мәмлүктерді шеркештерден (бұғынға Кіші жұздің руы) шыққан сұлтандар басқарды. Соның ішінде соғыстағы жаужүректігімен, шапқат-қайырымдылығымен, жұртқа жұғымдылығымен аты шыққаны Қайтпай сұлтан болатын.

Бейбарыс бабамыз секілді Қайтпай атамыз да – қазаққа ортақ нар тұлға. Толық ныспысы – әл-Әшраф Сейіт ад-Дин Қайтпай. 1416 (18) жылы Дешті Қыпشاқ топырағында кіндігі кесілді. Қыпшақтың шеркеш руынан шықты. Кескілескен қанды соғыстың бірінде бала Қайтпай құлдыққа алынып, елден жырақтап кетті. Сол айналғаннан жиырма жасында мысырлық саудагердің құлы болып, Каирға барып табан тіреді. Жас Қайтпай садақ атудың шебері болатын. Сонысына қызыққан Барысбай сұлтан (1422-1438 жылдар) оны 50 динарға сатып алған.

Одан Шақпақ сұлтанның (1438-1453 жылдар) қарауына өткен. Кейін Шақпақ Қайтпайды азат етіп, өзінің хатшысы етіп бекітті. Шақпақ дүниеден өткеннен кейін алты бірдей сұлтанға қызмет етті. Осы кездері әскери қимылдарымен көзге түсіп, сарай күзетінің мүшесі, мәмлүктердің мыңбасысына дейін көтерілді. Соңғысы Темірбұға сұлтанның (1467-1468 жылдар) кезінде атабек (бас қолбасшы) атағын алды. Соныра Темірбұғаның орнын басып, 1468 жылдың қаңтарында 54 жасында сұлтан тағына отырды.

Қайтпай Мысыр мен Шамның (Сирия) мәмлүктерден шыққан он сегізінші сұлтаны (1468-1496 жылдар) болған. Мысырды билеген елуге жуық мәмлүк сұлтанының қырықтайы жас кезінде-ақ қаза болғанын білеміз. Қебісі қудаланды, тақтан тайдырылды немесе қастандық жасалды. Ал Қайтпай сұлтан отыз жылдай ел басқарып, мәмлүктердің ең атақты сұлтандарының біріне айналды. Қайтпай билікке келген күннен бастап сенімді серіктеп мен сарай ақсақалдарын жиып, жаңа басқарушы кеңес құрды. Екі адамды өзіне атқарушы сұлтан етіп таңдал алып, басқа тағайындаулардың бәрін солар арқылы реттеп отырды. Мемлекет билігіне мәмлүктерді көптеп тартты. Қебіне билікті соларға қалдырып, ұзақ уақытқа сарайынан ұзап кететін. Осылайша, қол астындағы әмірлердің өзіне деген сенімін тексерді.

Қайтпай мәмлүктердің экономикалық жағдайын жақсартты, елдегі сауда-саттықты дамытты. Осман империясымен шектесетін Мысыр сұлтандығының солтүстік шекарасын нығайтты. Алайда Қайтпай сұлтанның атын шығарған мұсылмандардың сәulet өнерін дамытқаны болатын. Сұлтан Мекке, Мәдина, Каир, Құдыс (Иерусалим), Дамашық (Дамаск), Халеб (Алеппо), Александрия секілді қалалардың құрылышы нысандарына өз қолтаңбасын қалдырыды. 1472 жылы Қайтпай сұлтан Меккеге барып, қажылық сапарын өтеген екен. Сол кезде Мекке халқының кедейшіліктен көз ашпағанын көріп, ғұмырының біраз бөлігін қасиетті қала халқының түрмисын көтеруге сарқыды. Қасиетті Қағбаның сәuletін арттырды. Осындай қамқорлығын көргесін болар, мұсылмандар Қайтпай сұлтанды жанындағы жақсы қөрді.

1485 жылы Осман империясы мәмлүктердің шекарасына қарай жақында, сес көрсете бастады. Негізінде, Қайтпай сұлтанның көздегені екеуара бейбіт келісімге келу болатын. Бірақ османдықтар жағы оған көнбеді. Сөйтіп, 1486 жылы Адана түбінде түріктер мен мәмлүктердің кескілескен шайқасы болып, түріктер тізе бүкті. Ал 1491 жылы Мысыр мен Осман билеушілері Қайтпай және II Баязит сұлтан ресми келісімге қол қойып, бір-біріне сый-сияптағы ұсынды, діндес екі ел арасында елшілік қызметке жол ашылды. Қайтпайдың қос мұсылман елін бір келісімге келтіруі оның мұсылман халықтары алдындағы беделін одан сайын айшиқтата түсті. Тек мұсылман елдері ғана емес, алыс-жақын шетелдерге де даңқы жете бастады.

Қайтпайдың ел басқарған кезі мұсылмандардың жаймашуақ кезеңімен

тұстас келді. Мәмлүктердің әскери қуаты артып, саяси салқындық саябыраған кез болатын. Қайтпай мәмлүктердің дәстүріне дем беріп, сол кезде тұрғызылған мысырлық ескерткіштердің бәріне мәмлүктердің өрнегін қосып отырды. Қайтпай Мысыр билеушілері тарихындағы көне ескерткіштерге көңіл бөлгөн жанашыр сұлтан болатын. Ол ел басқарған кезде 230 жаңа нысан тұрғызылды. Өзінің тікелей араласуымен Мысырда Александрия мен Рашид (Розетта), Шамда Дамашық пен Халеб қалаларында жаңа құрылыстар жүргізілді. Құдыстағы Қайтпай субұрқағы мен Газадағы Әшрафия медресесін өзі салдырды. Араб түбекінде қалаларды да гүлдендіріп, сонау пайғамбар, сахабалар заманынан келе жатқан мешіттер мен медреселерді жаңғыртты, субұрқақтар салдырды. 1481 жылы Мәдинадағы Пайғамбар мешіті өртке оранған кезде де, Қайтпай сұлтан қасиетті мешіттің қайта бой көтеруі үшін көмегін аямады.

Алайда Қайтпайдың атын тарихта қалдырған құрылыс Александриядағы «Қайтпай қамалы» болатын. Бұл қамалдың тұрғызылуы Қайтпай сұлтанның Жерорта теңізіндегі беделін жоғарылатып, османдықтардың сағын сындырды. Құрылыс 1477 жылы басталды, қамалды салу үшін Александрияның теңізге жақын тұсы Фарос аралының шығысындағы бұрынғы әлемнің жеті кереметінің бірі атақты Александр шамшырағы (маяк) орналасқан жер таңдал алынды. XIV ғасырлардағы жер сілкінің салдарынан жермен-жексен болған шамшырақтың үстіне қамал салу арқылы Қайтпай сұлтан көне тарихты тірілткісі келгенге ұқсайды. Қамалдың ішінен кішігірім мешіт тұрғызды, ал жалпы құрылысы үшін қазынадан жұз мың динар бөлгізді. Соңша ақша бөлінгесін шығар, құрылыс айналдырған екі жылда толықтай аяқталды. Қайтпай ең мықты деген мәмлүктерін таңдал, қамалдың күзетін жасақтады, күзет қызметкерлеріне жалақы төленді. Қаншама шайқастарда қабырғасы сетінегенін қарамастан, Қайтпай қамалы бізге дейін аман жетті. 1952 жылы Қайтпай қорғаны қайта жөнделіп, теңіз музейіне айналды.

Қайтпай сұлтан салдырған тағы бір тарихи нысан – «Қайтпай сұлтан кешені». Каирдың солтүстігінде орналасқан бұл кешен 1474 жылы дайын болды. Кешен салынбай тұрғанда бұл жер шөл дала болатын, қалай құрылыс басталды, солай айналасына жан бітті. Қала солтүстікке қарай ұзарып, жаңа қоныстар пайда болды. Қызыл теңізге, Шамға қарай шығатын керуен жолдары ашылып, осылайша, еларалық сауда-саттыққа жол ашылды. Сол себепті, Қайтпай сұлтан кешенін Мысырдағы алғашқы сауда үйлерінің бірі деу-ге толық негіз бар. Бұл ескерткіш те әлі күнге дейін мәмлүктер заманынан қалған ең әдемі әрі көне ескерткіш ретінде қорғалып отыр.

Қайтпайдың атын алған нысандардың бәрі де сұлтанның өз қаражаты бойынша тұрғызылды. Сұлтан салдырған құрылыстардың бәрінде сол заманың сәулет өнері сақталды. Тіпті Қайтпай сұлтан архитектураны

одан әрі дамыта тұсті. Себебі тастандарды әшекейлеп кесудің алтын дәуірі тұра сол кезден басталған болатын. Құрылыстарды мәрмар тастандардан түрғызу үрдісі де дәл сол кезде қанат жайды.

Құдыстағы Қайтпай субұрқағын да салдырған өзі болатын. Әл-Ақса мешітінен жиырма метрдей жерде орналасқан субұрқақ сол заманың ең әдемі құрылыстарының бірі болды. Субұрқақты салуға мысырлықтардан бөлек шеркеш шеберлері де атсалысты. Ол заманда түбірімен мәмлүк әрнектерімен безендірілген болатын. Кейіннен Құдысты Осман сұлтандары алған кезде субұрқақтың сәuletін мұлдем өзгертіп жіберді.

Міне, осындай зор ғимараттарды түрғызған, халқының жүргегіне жол тапқан Қайтпай сұлтан 1496 жылы дүниеден өтті. Сүйегі өзі салдырған Қайтпай кешенінде жерленді. Ал сұлтан тағына ұлы Насыр Мұхаммед отырды.

Бүгінде Қайтпай сұлтан салдырған сол ғимараттардан бөлек, көзі тірісінде өзі ұстаған, тұтынған заттары да сақталған еken. АҚШ-тағы атақты Метрополитен музейінде Қайтпай сұлтаның осы заманға дейін жеткен тостағаны бар еken. Мәмлүктер қорында сақталған күміс тостағанының диаметрі – 36,8 см. Тостағанды музейге 1891 жылы Эдвард Мур деген коллекционер өткізіпті. 1517 жылы бұл тостағанды түріктер қолды қылып, азап әрнектерін өндеген еken. Түріктер дегеннен шығады, Түркияның Топқапы сарайында Қайтпай сұлтаның сауыты сақталыпты. Сауыттың сұлтанға тиесілі еkenін 1963 жылы доктор Рахман Заки растапты. Ал Вашингтондағы музейде Қайтпай сұлтаның қару ораған кілемшесі сақталыпты. Қолемі 210x220 см болатын кілемшесі 1965 жылы музейдің текстіл қорына өткізіліпті. Оны айтамыз-ау, бізге тіпті сұлтаның суреті де жеткен еken (мақалада сол суретті пайдаланып отырмыз). «Ұлы Қайтбай, Мысыр сұлтаны» деп аталатын сурет о баста ағашқа салыныпты. Суретті 1575 жылы итальялық атақты суретші, тарихшы-ғалым Паоло Джовио салған болып шықты.

Қайтпай сұлтан – қазақтың даңқты ұлы. Қателеспесем, қазақтың белгілі жазушысы Смағұл Елубайдың мақаласынан оқыдым-ау деймін, сонда көрнекті қаламгер Рақымжан Отарбаевтың Мысырға барғанын, сондағы зираттарға барып, зиярат еткенін айта келіп, қыпшақтардан шыққан мәмлүк сұлтандарының басына барып Құран бағыштағанын жазады. Сол зират шырақшысы мәмлүк сұлтандарының зираты алдында тізе бүгіп отырған адамды көріп есі шығып кете жаздайды. Неге десеңіз, Қайтпайдың жаны жүрелеп отырған кезінде кеудесінен шығып кеткен еken. Сондықтан мысырлықтар жүрелеп отырған адамды «Қайтпай құсап отырма» деп тыйып тастандарды еken. Мына көрініс оғаш әсер еткен болуы керек, әлгі шырақшы Рақаңмен жақынырақ танысады. Рақаң өзінің Қазақ жерінен, Қыпшақ даласынан келгенін айтады. Сонда әлгі шырақшы: «Мен бүкіл өмірімді осы зиратты құзетуге арнадым, сонда Қайтпайды ізден келген бір қандасын көрмеп едім. Қыпшақтар бабасын

неге іздемейді деп ойлаушы едім? Жер бетінде қыпшақтың тұқымы қалмаған болар деп түйгемін. Сұлтанның іздеушісі бар екен ғой. Сіз мәмлүктерді іздеп келіп тұрған бірінші қыпшақсыз» деп егіліпті дейді. Шынында, бойында қазақтың қаны бар Қайтпай сұлтанды қазаққа танытатын уақыт келген сияқты. Бір кездері Бейбарысты қалай іздеп тапқан болсақ, Қайтпайды да дәл солай құрметтеп төбемізге көтерсек, бабаларының қайсарлығына қаныққан келер үрпақ алдында жүзіміз жарқын болар ма еді...

Серікбол ХАСАН